



Инфляциялық күтулер


Наурыз 2023

- Қаңтар-ақпан айларында төмендегеннен кейін күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы жоғарлады
- Тұтынушылардың көңіл-күйі, екінші ай қатарынан төмендегеніне қарамастан, оң аймақта қалуда

Жыл басында баяулағаннан кейін күтілетін инфляцияның медианасы біршама өсті

Бағалардың ағымдағы өсуінің сақталуын не жылдам өсуін күткен респонденттердің үлесі 2023 жылғы наурызда жалпы өзгерген жоқ – 53,5% (2023 жылғы ақпанда – 53,3%). Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы¹ 16,5% (14,2%) дейін жоғарлады, қабылданатын инфляцияның медианалық бағалауы 21,2% деңгейінде сақталды (1-график).

1-график. Инфляция және медианалық бағалаулар, %




Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерін жүргізу нәтижелері, FusionLab

Бағаның болашақ өсуі негізінен азық-түлік бағасының күтілетін өзгеруіне байланысты. Бір жыл көкжиегінде бағаның өсуін күткен респонденттер мұны негізінен азық – түлік бағасының өзгеруімен, аз дәрежеде сыртқы оқиғалармен, жанар-жағармай бағасының, айырбас бағамының өзгеруімен, жалақы мен зейнетақының өсуімен байланыстырады (2 график).

Халық арасындағы болашақ инфляцияны бағалаудың негізгі көзі дүкендерде сатып алудың жеке тәжірибесі болып қала береді. Пікіртерім нәтижелеріне сәйкес, инфляциялық процестерді бағалау кезінде пікіртерімге қатысқандардың көпшілігі жеке мақсатта сатып алу тәжірибесіне және туыстарымен/достарымен сөйлесуге көбірек сүйенеді.

2 График. Болашақтағы бағаның өсу факторлары
(бір жыл алдағы уақытта бағаның өсуін күткен респонденттердің %-ы)



2023 жылғы наурызда азық-түлік бағасының өскенін (82%) атап өткен респонденттердің үлесі төмендеді, бұл ретте азық-түлік емес тауарлар бағасының өсуін атап өткендердің үлесі өсті.

Соңғы айда азық-түлік өнімдерінің арасында жемістер мен көкөністерге, ет-сүт өнімдеріне және басқа да өнімдерге (кондитерлік өнімдер, алкогольсіз сусындар, ірімшік пен шұжықтар, шай/кофе) бағаның өсуі байқалды.

Азық-түлік емес тауарлардың ішінде респонденттер киім, тұрмыстық химия, парфюмерия және косметика, балаларға арналған тауарлар бағасының өскенін атап өтті. Респонденттердің пікірінше, халық үшін ақылы қызметтердің ішінде тұрмыс, жеке күтім, ойын-сауық индустриясы, байланыс/интернет, мейрамханалар қызметтері қымбаттады (3-график).

3-график. Жиі аталатын тауарлар мен қызметтер
(бір жыл алдағы уақытта бағаның өсуін күтетін респонденттердің %)



Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab

Екінші ай қатарынан төмендегеніне қарамастан, тұтынушылардың көңіл-күйі оң аймақта қалуды жалғастыруда


2023 жылғы наурызда тұтынушылық көңіл-күй индексі 104,4 құрады (2023 жылғы ақпанда – 105,3). Төмендеу негізінен тұтынушылардың күту субиндекстерінде байқалды.

Атап айтқанда, бір жылдан кейін жеке материалдық жағдайды бағалау (6,6 тармаққа төмендеу), елдің дамуын ұзақ мерзімді бағалау (3,4 тармаққа) айтарлықтай төмендеді. Бұл ретте таяудағы жылы елдің даму перспективаларының өзгеруі бойынша бағалау жақсарды (өсім 2,3 тармаққа).


Өткен жылы жеке материалдық жағдайдың бағалауы іс жүзінде өзгерген жоқ, ірі

тауарларды сатып алуларға дайындық аздап өсті (2,9 пунктке), екі көрсеткіш те әлі де теріс аймақта қалуда.


4-график. Тұтынушылық көңіл-күй индексі ²



5-график. Ағымдағы жағдай бағалаулары



6-график. Күтулер бағалаулары



Дереккөз: Халыққа телефон арқылы пікіртерім жүргізу нәтижелері, FusionLab

ЕСКЕРТПЕЛЕР

¹ 2022 жылғы қаңтардағы инфляциялық күтулердің сандық бағасы/медианалық бағалау жарияланбады, өйткені 2022 жылғы қаңтардағы сауалнама нәтижелеріне елдегі қаңтардағы оқиғаларға әсер етті, бұл үлгінің аз мөлшеріне және алдыңғы деректермен сәйкес келмеуіне әсер етті

Қабылданатын инфляцияның медианалық бағалауы: сіздің ойыңызша, соңғы 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өсті? сұрақ нәтижелері негізінде есептелген. Күтілетін инфляцияның медианалық бағалауы - «Сіздің ойыңызша, келесі 12 айда тауарлар мен қызметтердің бағасы қаншаға өседі?»

2 Тұтыну көңіл-күйінің индексі: жеке индекстердің орташа мәні:

- соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- жақын жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- жақын жылдағы елдің даму перспективалары;
- жақын арадағы 5 жылдағы елдің даму перспективалары;
- ірі сатып алулар.

Ағымдағы жай-күй индексі: жеке индекстердің орташа мәні

- соңғы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- ірі сатып алу индексі.

Тұтынушылық күтулер индексі: жеке индекстердің орташа мәні.

- алдағы жылдағы жеке материалдық жағдайының өзгеруі;
- алдағы жылдағы елдің даму перспективалары;
- елдің алдағы 5 жылдағы даму перспективалары.

Сандық мән – бұл оң және теріс жауаптардың + 100 арасындағы айырмашылық ретінде есептелетін жауаптардың балансы. Индекс мәндері 0-ден 200-ге дейін өзгеруі мүмкін. 100 – ден жоғары мән оң бағалардың, 100-ден төмен теріс бағалардың басым екендігін көрсетеді